

Саран қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы 39 сессиясының № 405 "Қарағанды облысы Ақтас кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы 9 сессиясының № 102 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 4076 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 143 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 23.06.2022 № 143 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Саран қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Саран қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы 39 сессиясының № 405 "Қарағанды облысы Ақтас кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2946 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 4 ақпанда жарияланған, 2016 жылғы 6 ақпандағы № 6 "Саран газеті" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

11 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"11. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны "Ақтас кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне береді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ

Қарағанды облысы

Ақтас кентінің әкімі

Қ. Сүлейменов.

"22" желтоқсан 2016 жыл

М. Мамирова

Р. Бекбанов

